| Реттік N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру бойынша іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 054 | | "Республикалық маңызы бар автожолдарды ағымдағы жөндеу, ұстау, көгалдандыру" | 1. Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын ұстау бойынша, қысқыны қоса алғанда, жұмыстарды жүргізу - 23011 км | қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| | | | | 2. Республикалық маңызы бар автожолдарда ағымдағы жөндеу және ұстау бойынша жұмыстарды жүргізу, соның ішінде: - шұңқырлы жөндеу - 570 км; - ойылу, ой-шұңқырлар, колеяларды жою - 375 км; - көгалдандыру - 581 км. | мамыр - қазан | |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

Осы бағдарламаны орындау республикалық маңызы бар автожолдардың 570 км ағымдағы жөндеуге, 23011 км ұстауға және 581 км көгалдандыруға мүмкіндік туғызады .

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша республикалық маңызы бар автомобиль жолдары желісінде жол қозғалысы қатысушыларының қауіпсіз, авариясыз және тоқтаусыз жүруін қамтамасыз ету.

Автомобиль жолдарын қар және құм үйіліп қалуынан немесе эрозиядан сақтауды және

сәулет-көркемдік безендіруді қамтамасыз ету.

Сапалы жұмыстарды орындау жұмыстарды қабылдау бойынша нұсқаулыққа сәйкес анықталады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 122 қаулысына
19-қосымша

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімгері**

**055 "Алматы-Гүлшат учаскесіндегі (88 км) Алматы-Бурабай автожолдарын қайта құру" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған ТӨЛҚҰЖАТЫ**

1. Құны: 2 565 432 мың теңге (екі миллиард бес жүз алпыс бес миллион төрт жүз отыз екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы мен Ислам Даму Банкі арасындағы Алматы-Гүлшат жолының жобасына арналған заем туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы Заңы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: Үкіметтің сыртқы заем қаражаттары. Республикалық бюджеттің қаражаттары.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстанда тиімді жол желісін және жол көлігін дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Алматы-Гүлшат республикалық маңызы бар автомобиль жолының басым учаскелерін қалпына келтіру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

| Реттік N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру бойынша іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

1 055 Алматы - Гүлшат учаскесіндегі (88 км) Алматы - Бурабай автожолдарын қайта құру

080 Сыртқы заемдар есебінен жобаны іске асыру "СМЕК" компаниясының консалтингтік қызметі үшін ақы төлеу "ИРДО" компаниясының "Алматы - Гүлшат" учаскесіндегі "Алматы - Бурабай" жолын күрделі жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізуі Жыл бойы Автомобиль жолдары комитеті "Ирдо" компаниясы

2 081 Ішкі көздердің есебінен жобаны іске асыру "СМЕК" компаниясының консалтингтік қызметі үшін ақы төлеу "ИРДО" компаниясының "Алматы - Гүлшат" учаскесіндегі "Алматы - Бурабай" жолын күрделі жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізуі Жыл бойы Автомобиль жолдары комитеті "Ирдо" компаниясы

-----------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

Ұзақтығы 88 км "Алматы - Гүлшат" учаскесіндегі "Алматы - Бурабай" автожол учаскесін күрделі жөндеу.

Орындалған жұмыстар сапасы тендерлік құжаттар спецификациясына сәйкес анықталады.

Отандық жол-құрылыс, жобалық және консультациялық ұйымдардың жұмысты ұйымдастырудың алдыңғы қатардағы әлемдік тәжірибесін игеруі; жол бойында орналасқан аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы

N 122 қаулысына
20-қосымша

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі**
**Бюджеттік бағдарламаның әкімгері**

**056 "Осакаровка-Вишневка учаскесіндегі Қарағанды-Астана автожолдарын қайта құру" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған ТӨЛҚҰЖАТЫ**

1. Құны: 1 718 070 мың теңге (бір миллиард жеті жүз он сегіз миллион жетпіс мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:
"Қазақстан Республикасы мен Сауд Даму Қоры арасындағы, 2000 жылғы 1 қарашаға сәйкес келетін, Қыжыраның 1421 жылғы Шабан айының 5 күні жасалған заем туралы келісімді ("Қарағанды-Астана жолының" жобасы) бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 наурыздағы Заңы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:
Үкіметтің сыртқы заем қаражаттары.
Республикалық бюджет қаражаттары.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстанда автомобиль жолдары желісін және жол көлігін дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Осакаровка-Вишневка учаскесіндегі Қарағанды-Астана республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының басым учаскелерін қалпына келтіру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

| Реттік N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдар. ламаның коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру бойынша іс-шаралар | Іске асыру мер. зімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 056 | | | Осакаровка - Вишневка учаскесіндегі Қарағанды - | | |

Астана автожолдарын қайта жаңарту

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 080 | Сыртқы заемдар есебінен жобаны іске асыру өтеу | Аль Мухандис Низар Курди компаниясының консалтингтік қызметі үшін ақы | "Теміржолқұрылыс" АҚ - "Жезқазған жолдары" АҚ бірлескен кәсіпорны. ның Осакаровка - Вишневка учаскесін. дегі Қарағанды - Астана автожолдарын күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуі | Жыл бойы |
| | | | | | | Автомобиль жолдары комитеті |
| | | | | | | "Теміржол. құрылыс" АҚ -"Жезқазған жолдары" АҚ" БК |
| 2 | 056 | 081 | Ішкі көздердің есебінен жобаны іске асыру өтеу | Аль Мухандис Низар Курди компаниясының консалтингтік қызметі үшін ақы | "Теміржолқұрылыс" АҚ - "Жезқазған жолдары" АҚ бірлескен кәсіпорны. ның Осакаровка - Вишневка учаскесін. дегі Қарағанды - Астана автожолдарын күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуі | Жыл бойы |
| | | | | | | Автомобиль жолдары комитеті |
| | | | | | | "Теміржол. құрылыс" АҚ -"Жезқазған жолдары" АҚ" БК |

------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Ұзақтығы 43 км Осакаровка-Вишневка учаскесіндегі Қарағанды-Астана

автожолдары учаскесін күрделі жөндеу.

Орындалған жұмыстар сапасы тендерлік құжаттар спецификациясына сәйкес анықталады.

Отандық жол-құрылыс, жобалау және консультациялық ұйымдардың жұмысты ұйымдастырудың алдыңғы қатардағы әлемдік тәжірибесін игеруі; жол бойында орналасқан аймақтарда әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 122 қаулысына
21-қосымша

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі**
**Бюджеттік бағдарламаның әкімгері**

## 057 "Вишневка-Астана учаскесіндегі Қарағанды-Астана автожолдарын қайта құру" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған ТӨЛҚҰЖАТЫ

1. Құны: 2 389 498 мың теңге (екі миллиард үш жүз сексен тоғыз миллион төрт жүз тоқсан сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:

"Қазақстан Республикасы мен Ислам Даму Банкі арасындағы Қарағанды - Астана автожолының соңғы учаскесін (Вишневка мен Астана арасындағы IV секция) қайта жаңарту туралы Истисна А келісімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 13 қарашадағы Заңы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:
Үкіметтің сыртқы заем қаражаттары.
Республикалық бюджеттің қаражаттары.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қарағанды-Астана автожолы бойынша көлік құралдарының үзіліссіз және қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету, автожолды қалпына келтіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қарағанды-Астана республикалық маңызы бар автомобиль жолының басым учаскелерін қалпына келтіру; республикалық жол желісін ағымдағы ұстау және жөндеу үшін қажетті құралдарды сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

---------------------------------------------------------------------

| Реттік N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) әзірлеу бойынша іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 057 | | Вишневка - Астана участкесіндегі Қарағанды - Астана автожолдарын қайта құру | | | |
| | | 080 | Сыртқы заемдар есебінен жобаны іске асыру | Негізгі құралдарды сатып алу "Ексен-Тепе-Ақсу" бірлескен қазақ-түрік кәсіпорнымен Вишневка-Астана участкесіндегі Қарағанды-Астана автожолын күрделі жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізу | қаңтар - жел. тоқсан | Автомобиль жолдары комитеті "Ексен-Тепе-Ақсу" бірлескен кәсіпорыны |
| 2 | 057 | 081 | Ішкі көздердің есебінен жобаны іске асыру | Негізгі құралдарды сатып алу "Ексен-Тепе-Ақсу" бірлескен қазақ-түрік кәсіпорнымен Вишневка-Астана участкесіндегі Қарағанды-Астана автожолын күрделі | қаңтар - жел. тоқсан | Автомобиль жолдары комитеті "Ексен-Тепе-Ақсу" бірлескен кәсіпорыны |

жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізу
-----------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер:
Ұзақтылығы 54,5 км Вишневка-Астана учаскесіндегі Қарағанды-Астана автожолы учаскесін күрделі жөндеу.

Орындалған жұмыстар сапасы тендерлік құжаттар спецификациясына сәйкес анықталады.

Отандық жол-құрылыс, жобалау және консультациялық ұйымдардың жұмысты ұйымдастырудың әлемдік тәжірибесін игеруі; жол бойында орналасқан аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 122 қаулысына 22-қосымша

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі**
**Бюджеттік бағдарламаның әкімгері**

## 059 "Ұзынағаш-Георгиевка учаскесіндегі Алматы-Георгиевка автожолдарын оңалту" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған ТӨЛҚҰЖАТЫ

1. Құны: 2 071 640 мың теңге (екі миллиард жетпіс бір миллион алты жүз қырық мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:
2001 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі (АДБ) арасындағы N 1774-KAZ заем туралы келісім.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:
Үкіметтің сыртқы заем қаражаттары.
Республикалық бюджеттің қаражаттары.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қозғалыс қауіпсіздігі мен транзиттік дәліздердің дамуын қамтамасыз ету мақсатында Алматы - Георгиевка автожолының Ұзынағаш-Георгиевка учаскесін қалпына келтіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарттары бойынша Қордай асуындағы күрделі учаскелерді жақсарту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Реттік N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) әзірлеу бойынша іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | | 059 | | Ұзынағаш - Георгиевка учаскесіндегі Алматы - Георгиевка автожолдарын оңалту | | |
| | | 080 | Сыртқы заемдар есебінен жобаны іске асыру | "Луисбергер групп" (АҚШ/Есіл/Пакистан) - /"Қазжолжоба" АҚ/ "Шымкентжолжоба" (Қазақстан) қауымдастығының консалтингтік қызметі үшін ақы төлеу Ұзынағаш-Георгиевка учаскесіндегі Алматы-Георгиевка автожолын күрделі жөндеу, негізгі жабдықтарды сатып алу | қаңтар тоқсан | Автомобиль жол. жолдары комитеті |
| 2 | 059 | 081 | Ішкі көздердің есебінен жобаны іске асыру | "Луисбергер групп" (АҚШ/Есіл/Пакистан) - /"Қазжолжоба" АҚ/ "Шымкентжолжоба" (Қазақстан) қауымдастығының консалтингтік қызметі үшін ақы | қаңтар тоқсан | Автомобиль жол. жолдары комитеті |

төлеу Ұзынағаш-Георгиевка учаскесіндегі Алматы-Георгиевка автожолын күрделі жөндеу, негізгі жабдықтарды сатып алу
--------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:
Ұзынағаш-Георгиевка учаскесіндегі (205 км) Алматы-Георгиевка автожолын күрделі жөндеу.
Қазақстандық жол ұйымдарының материалдық-техникалық жарақтану деңгейін көтеру, олардың автожолдарды ұстау және ағымдағы жөндеу үшін қазіргі заманғы жабдықтармен қамтамасыз етілуі; жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 122 қаулысына 23-қосымша

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімгері**

**060 "Республикалық маңызы бар автожолдарын қайта жаңарту жөніндегі жобалау-іздестіру жұмыстары" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған**
**ТӨЛҚҰЖАТЫ**

1. Құны: 301 000 мың теңге (үш жүз бір миллион теңге).
2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:
"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 17-бабы.
"Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытуды 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қарашадағы N 730 Жарлығы.
3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаттары.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: республикалық маңызы бар автожолдарды қайта жаңарту жөніндегі жобалық-сметалық құжаттамамен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: республикалық маңызы бар автожолдарды қайта жаңарту жөніндегі жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру бойынша іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 060 | | "Республикалық маңызы бар автожолдарды қайта жаңарту жөніндегі жобалау-іздестіру жұмыстары" | | | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| | | 030 | "Ресей Федерациясының шекарасы - Орал - Ақтөбе" автожолын қайта жаңарту жобасын дайындау" | Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу - 1 сан жиынтық | ақпан-желтоқ. | |
| 2 | | 031 | "Үш арал - Достық" автожолын қайта жаңарту жобасын дайындау" | Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу - 1 сан жиынтық | ақпан-желтоқ. | |
| 3 | | 032 | "Астана - Қостанай - Челябинск" автожолын қайта жаңарту жобасын дайындау" | Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу - 1 сан жиынтық | ақпан-желтоқ. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | 033 | "Омбы - Павлодар - Майқапшағай" автожолын қайта жаңарту жобасын дайындау" | Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу - 1 | ақпан-желтоқ. сан жиынтық |
| 5 | 035 | "Қарабұтақ - Ырғыз - Қызылорда облысының шекарасы" автожолын оңалту жобасын дайындау" | Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу - 1 | ақпан-желтоқ. сан жиынтық |
| 6 | 038 | "Бейнеу - Ақжігіт - Өзбекстан шекарасы автомобиль жолын қайта жаңарту жобасын дайындау" | Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу - 1 | қыркүйек-желтоқ. сан жиынтық |
| 7 | 043 | "Астана қаласын айналып өту" автомобиль жолын жайластыру жобасын дайындау" | Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу - 1 | қыркүйек-желтоқ. сан жиынтық |
| 8 | 044 | "Оңтүстік Қазақстан облысы автожолдары учаскелерін күрделі жөндеу жобасын дайындау" | Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу - 1 | қыркүйек-желтоқ. сан жиынтық |

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.09.11. N 994 қаулысымен .
Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.09.16. N 1012 қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

"Ресей Федерациясының шекарасы - Орал - Ақтөбе", "Үшарал - Достық" автожолын қайта жаңарту жобасын дайындау", "Астана - Қостанай - Челябинск" автожолын қайта жаңарту жобасын дайындау", "Омбы - Павлодар - Майқапшағай" автожолын қайта жаңарту жобасын дайындау", "Қарабұтақ - Ырғыз - Қызылорда облысының шекарасы" автожолын қайта жаңарту жобасын дайындау" жолдарын қайта жаңарту бойынша

белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттаманың болуы.

Автомобиль "Бейнеу - Ақжігіт - Өзбекстан шекарасы" Астана қаласын айналып өту " автомобиль жолын жайластыру жобасын дайындау, Оңтүстік Қазақстан облысы автожолдарының учаскелерін күрделі жөндеу жобасын дайындаужолдарын салу және қайта жаңарту үшін әзірленген және бекітілген жобалық-сметалық құжаттаманың болуы Өзбекстан - Қазақстан - Ресей; Қытай Халық Республикасымен; Ташкент - Шымкент - Орал - Самара; Екатеринбург - Астана - Алматы - Бішкек халықаралық транзиттік дәліздерінің учаскелерін қаржыландыру және салу бойынша негізделген есептерді алуға, сондай-ақ Батыс Сібірдің өндіріс аймақтары, Шығыс Қазақстан және Қытай Халық Республикасының аймақтары арасында ең қысқа байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл тиісінше көршілес елдер арасындағы жүк айналымының көбейуіне әсер етеді, автомобиль жолдарының техникалық жағдайын жақсартады.

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.11. N 994 қаулысымен.

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.16. N 1012 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 122 қаулысына
24-қосымша

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі**
**Бюджеттік бағдарламаның әкімгері**

## 061 "Қазпочта" ААҚ жарғылық капиталын ұлғайту" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған ТӨЛҚҰЖАТЫ

1. Құны: 643 123 мың теңге (алты жүз қырық үш миллион жүз жиырма үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңының 3-бабының 4-тармағы.

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 18 мамырдағы Заңының 4, 5-баптары.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 қарашадағы қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының почта саласын дамытудың және почта-жинақ жүйесін қалыптастырудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 желтоқсандағы N 1600

қаулысымен бекітілген "Қазпочта" ашық акционерлік қоғамын дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған жоспары.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаттары.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қазіргі заманғы технологиялар және прогрессивті халықаралық ынтымақтастық нысандары негізінде почталық және қаржылық қызмет түрлерін ұсынатын тиімді почта-жинақ жүйесін құру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеті: "Қазпочта" ААҚ жарғылық капиталын ұлғайту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Реттік N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру бойынша іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 061 | | "Қазпочта" ААҚ жарғылық капиталын ұлғайту | "Қазпочта" ААҚ жарғылық капиталын ұлғайту | ақпан | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: почта-жинақ жүйесінің тиімділігін қазіргі заманғы технологиялар және прогрессивті халықаралық ынтымақтастық нысандарын пайдалану арқылы арттыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 122 қаулысына
25-қосымша

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі**
**Бюджеттік бағдарламаның әкімгері**

**074 "Жүйелі ішкі авиатасымалды субсидиялау" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған**

**ТӨЛҚҰЖАТЫ**

1. Құны: 300 000 мың теңге (үш жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:

"Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 7-бабы.

"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңының 9-бабы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаттары.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ұлттық авиакомпанияларды мемлекеттік қолдау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Үкіметінің, азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті органының шешімі бойынша жеке ішкі авиабағыттарды субсидиялау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

| Реттік N | Бағдар. ламаның коды | Кіші бағдар. ламаның коды | Бағдарламаның (кіші бағдар. ламаның) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру бойынша іс-шаралар | Іске асыру мер. зімі | Жауапты іске асырушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 074 | | Жүйелі ішкі авиатасымалды субсидиялау | Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Ережеге сәйкес ішкі авиабағыттар бойынша тұрақты авиатасымал. дарды субсидиялау: - Астана - Ақтөбе - Орал; - Орал - Ақтөбе - Астана; - Астана - Ақтау; - Ақтау - Астана; - Алматы - Атырау; - Атырау - Алматы; | наурыз - жел. тоқсан | Қазақстан Республи. касының Көлік және коммуника. циялар ми. нистрлігі |

- Астана - Атырау;
- Атырау - Астана;
- Алматы - Ақтөбе;
- Ақтөбе - Алматы;
- Алматы - Ақтау;
- Ақтау - Алматы;
- Астана - Қызылорда;
- Қызылорда - Астана;
- Алматы - Жезқазған;
- Жезқазған - Алматы;
- Астана - Семей;
- Семей - Астана;
- Алматы - Қарағанды;
- Қарағанды - Алматы;
- Астана - Қостанай;
- Қостанай - Астана;
- Астана - Павлодар - Семей;
- Семей - Павлодар - Астана;
- Астана - Петропавл;
- Петропавл - Астана;
- Астана - Өскемен;
- Өскемен - Астана;
- Астана - Тараз;
- Тараз - Астана;
- Астана - Талдықорған;
- Талдықорған - Астана;
- Астана - Жезқазған - Қызылорда;
- Қызылорда - Жезқазған - Астана;
- Астана - Балқаш;
- Балқаш - Астана. -----------------------------------------------------------------
- - - - - - - - - - - - - - - -

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.10.14. N 122b қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: жалпы ұзақтығы 525 473 км ішкі бағыттарда тұрақты жолаушылар ағынын және жеткілікті рентабельдік деңгейін қамтамасыз ету, авиатасымалдарға тарифтің құнын орташа есеппен 50% төмендету, жолаушылар ағынын орташа есеппен 40% көбейту, жолаушылар санын 493 886 адамға жеткізу.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 122 қаулысына
26-қосымша

Ескерту. 26-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.09.16. N 1012 қаулысымен .

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі**
**Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі**

**079 "Лицензиарлардың функцияларын орындау" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 52 400 мың теңге (елу екі миллион төрт жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 1-бабы.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 9-бабы.

"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңының 7-бабы.

"Қазақстан Республикасында жолаушылар мен жүктерді, қауіпті жүктерді автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдауды лицензиялаудың тәртібі мен шарттары және біліктілік талаптары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 желтоқсандағы N 1621 қаулысы.

"Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушыларды және жүктерді, қауіпті жүктерді тасымалдауды лицензиялау тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 шілдедегі N 714 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы теңіз және өзен көлігінде жолаушылар мен жүк, қауіпті жүктер тасымалын лицензиялаудың тәртібі мен шарттары туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 мамырдағы N 885 қаулысы

"Қазақстан Республикасында почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті лицензиялау, радиожиілік спектрін пайдалану тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 қарашадағы N 1443 қаулысы

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің, оның Комитеттерінің және аумақтық органдарының көлік-коммуникация кешенінде лицензияланатын қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқық беретін лицензияларды беру бөлігіндегі функцияларын орындау мен Қазақстан Республикасының лицензиялық заңнамасының сақталуы бойынша бақылауды қамтамасыз ету

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: лицензиялар мен өзге де рұқсат құжаттарын беру және лицензиаттардың лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын сақтауын бақылау

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру бойынша іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 079 | | Лицензиарлардың функцияларын орындау | Қатаң есептілік бланкілерін дайындау жөніндегі қызметтерді сатып алу, оның ішінде: - рұқсат беру құжаттары - 110 000 жуық; - лицензиялар бланкілері - 25 000 жуық; - есеп құжаттары - 54 200 жуық | қаңтар | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, оның Комитеттері және аумақтық органдар |
| | | | | Министрлік, оның Комитеттері және аумақтық органдары қызметкерлерін лицензияланатын қызмет түрлеріне | ақпан-қараша | |

қойылатын біліктілік талаптарының сақталуын бақылау үшін іссапарға жіберу (7368 адам/күн)
Үздіксіз жұмыс істеуді ақпан- қамтамасыз ету үшін қараша байланыс қызметіне ақы төлеу, соның ішінде электрондық почта қызметі (16 нөмір), қалааралық сөйлесу (78 нөмір) және почта-телеграф шығыстары (16 нөмір).
Лицензиарлардың ақпан- функцияларын орындау қараша үшін қажетті қағаздар, Лицензиарлардың функцияларын орындау үшін қажетті қағаз, кеңсе тауарларын және басқа да шығыс матер. иалдары мен тауарларын сатып алу

---

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.10.14. N 122b қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер: көліктік қызмет көрсету рыногының қалыпты жұмыс істеуі, әуе кемелерінің, объектілерінің ұшу қауіпсіздігі және тұрақтылығы үшін жағдайды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 122 қаулысына
27-қосымша

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі**
**Бюджеттік бағдарламаның әкімгері**

## 201 "Азаматтық авиация қауіпсіздігінің ахуалдық бөлмесін жабдықтау" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған ТӨЛҚҰЖАТЫ

1. Құны: 3 620 мың теңге (үш миллион алты жүз жиырма мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 8-бабының 8) тармақшасы, 9-бабы 1-тармағының 13) тармақшасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 599 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті туралы ереже.

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаттары.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының мамандарының кәсіптік деңгейін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Азаматтық авиация комитетінің авиациялық-техникалық кітапханасын құру (техникалық пайдалану, қазіргі әуе кемелеріне қызмет көрсету және ұстау, әуежайлар мен аэронавигация жұмысын ұйымдастыру, сондай-ақ халықаралық ұйымдар шығаратын әдебиеттер жөніндегі жаңа басылымдар).

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Реттік N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 201 | | Азаматтық авиация қауіпсіздігінің ахуалдық бөлмесін жабдықтау | Жабдықтар мен әдебиетті сатып алу: 1 компьютер, 1 теледизор, 1 бейнемагнитофон, проекторға арналған 1 экран, 1 түрлі-түсті принтер, 1 көшіру аппараты, 30 флоппи дискета, | Наурыз-қараша | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

50 бейнетаспа, компьютер үшін 1 стол, проектор үшін 1 стол, сынып үшін 45 офистік орындық, кітаптар үшін 10 шкаф, оқу әдебиеті (500 дана), 10 көрнекі құралдар, 4 қосатын кабель, 1 сканер, 3 ноутбук.
1 бейнепроекторды сатып алу және орнату сәуір - қазан

------------------------------------------------------------------------

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.23. N 122а қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

Сандық өлшем - қауіпсіздіктің арнайы кабинеті - ахуалды бөлмесі үшін жабдықтар мен әдебиетті сатып алу және жарақтандыру:

1 компьютер, 1 телевизор, 1 бейне магнитофон, проекторға арналған 1 экран, 1 түрлі-түсті принтер, 1 көшіру аппараты, 30 флоппи дискета, 50 бейнетаспа, компьютер үшін 1 үстел, проектор үшін 1 үстел, сынып үшін 45 офистік орындық, кітаптар үшін 10 шкаф, оқу әдебиеті (500 дана), 10 көрнекі құралдар, 4 қосатын кабель, 1 сканер, 3 ноутбук, 1 бейнепроектор.

Сапалық өлшем - халықаралық нормалар мен Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) стандарттарының талаптарына сәйкес Азаматтық авиация комитеті авиа мамандарының кәсіптік деңгейін көтеру.

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.23. N 122а қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 122 қаулысына 28-қосымша

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімгері**

**206 "Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын ұстау бойынша мемлекеттік функцияларды орындау үшін жол техникасын сатып алу"**

**республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған ТӨЛҚҰЖАТЫ**

1. Құны: 2 000 000 мың теңге (екі миллиард теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 1-бабы.

"Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2001-2005 бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қарашадағы N 730 Жарлығы "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаттары

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: республиканың жол кәсіпорындарын автомобиль жолдарын ұстау жөніндегі қазіргі заманғы техникамен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: республикалық маңызы бар автомобиль жолдары желісін ұстау үшін жол техникасы мен жабдықтарын сатып алу және жеткізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

| Реттік N | Бағдар.ламаның коды | Кіші бағдар.ламаның коды | Бағдарламаның (кіші бағдар.ламаның) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру бойынша іс-шаралар | Іске асыру мер.зімі | Жауапты орындау.шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 206 | | Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын ұстау бойынша мем.лекеттік функцияларды орындау үшін жол техникасын сатып алу | Жол техникасын сатып алу: орташа гидравли.ликалық автогрей.дер - 86 дана; ауыр гидравликалық автогрейдер - 2 дана, жылжымалы битумқыз.дырғыш - 40 дана, бульдозер - 4 дана, тасымалдау үшін тіркемесі бар өзі жүретін дірілді | наурыз - қараша | Қазақстан Республи.касының Көлік және коммуника.циялар ми.нистрлігі |

тығыздағыш - 60 дана,
аспалы кескіш - 80 дана,
магистральдық маркілеу
машинасы - 4 дана, жол
шеберіне арналған микро.
автобус - 17 дана,
фронтальді доңғалақты
тиегіш - 32 дана, жеңіл
доңғалақты тиегіш экскаватор
- 2 дана, доңғалақты трактор -
41 дана, тракторы бар аспалы
фреза - 40 дана, құм шашқыш -
12 дана, шұңқырқазғыш - 16
дана, шнекороторлық қар
тазалағыш - 8 дана, жолдарды
ұстауға арналған әмбебап
машина - 13 дана, жылжымалы
жөндеу шеберханасы - 24 дана,
ауыр шынжыр табанды экскаватор,
гидравликалық - 2 дана, дірілді
құрамалы тығыздағыш - 2 дана,
қос уатқышты дірілді тығыз.
дағыш - 2 дана, статикалық
пневмодоңғалақты тығыздағыш
- 1 дана, асфальтбетон
зауыты - 1 дана, текше түрлі
қиыршықтас өндіру бойынша
уатқыш қондырғы - 1 дана, өзі
аударғыш автомобиль - 10 дана,
пикап автомобилі - 4 дана,
зертханалық жабдық - 5 жиынтық,
битумдық-эмульсиялық қондырғы
- 2 дана, дірілді тақта - 4
дана, тіркемелі дәнекерлеу
агрегаты - 15 дана, тіркемелі
сығымдағыш - 30 дана, өзі
аударғыш автомобиль - 14 дана,
асфальт төсегіш - 2 дана.

---

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.23. N 122а қаулысымен.
Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.11.25. N 1247 қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

Жалпы сатып алынатын техниканың саны - 501 бірлік.

Жол саласын қазіргі заманғы жөндеу-құрылыс техникасымен қамтамасыз ету және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеуді және ұстауды толық және сапалы орындау үшін паркті жол-пайдалану техникасымен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 122 қаулысына
29-қосымша

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі**
**Бюджеттік бағдарламаның әкімгері**

**501 "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің ақпараттық жүйелерін қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған**
**ТӨЛҚҰЖАТЫ**

1. Құны: 22 636 мың теңге (жиырма екі миллион алты жүз отыз алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 1-бабы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаттары.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі мен оның аумақтық органдары ақпараттық жүйелерінің үзіліссіз қызмет етуін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Министрліктің және оның аумақтық органдарының локальды-есептеу желілеріне жүйелік-техникалық қызмет көрсету, ұйымдастыру техникаларына техникалық қызмет көрсету, министрліктің және оның аумақтық органдарының өзіне абоненттік және жалдау ақысымен деректерді беру хаттамаларына кіруде ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерін қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
-----------------------------------------------------------------------
Реттік!Бағдар.! Кіші  !Бағдарламаның !    Бағдарламаны     !Іске  ! Жауапты
```

N !ламаның!бағдар.!(кіші бағдар. !(кіші бағдарламаны) !асыру! орындау.
! коды !ламаның!ламаның) атауы!іске асыру жөніндегі!мер. ! шылар
! ! коды ! ! іс-шаралар !зім. !
! ! ! ! !дері !
-------------------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-------------------------------------------------------------------------
1 501 Қазақстан Қазақстан наурыз Қазақстан
Республикасы Республикасы Көлік - жел. Республи.
Көлік және және коммуникациялар тоқсан касының
коммуникациялар министрлігінің ұйым. Көлік
министрлігінің дастыру техникаларына және
ақпараттық қызмет көрсету, коммуни.
жүйелерін локальды-есептеу кациялар
қамтамасыз ету желілерін жүйелік- министр.
техникалық қызмет лігі
көрсету жөнінде 771
сандық бірлікте
жұмыстар жүргізу,
ұйымдастыру
-------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелердің үздіксіз, бұзылмай жұмыс істеуін ұйымдастыру, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жабдықтары мен ұйымдастыру ісі техникаларының мезгілсіз тозуының алдын алу.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 122 қаулысына
30-қосымша

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі**
**Бюджеттік бағдарламаның әкімгері**

**603 "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі органдарының ақпараттық жүйесін құру"**

**республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған ТӨЛҚҰЖАТЫ**

1. Құны: 96 204 мың теңге (тоқсан алты миллион екі жүз төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы N 273-II Заңының 1-бабы. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаттары.

4. Бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен оның аумақтық органдарының ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесін құру және материалдық-техникалық базасын нығайту.

5. Бағдарламаның міндеттері: ақпараттық-телекоммуникациялық жүйені құру үшін жабдықтарды және аппараттық-бағдарламалық құралдарды сатып алу және монтаждау; офистік ұйымдастыру ісі техникасын сатып алу; ведомстволық телефон желілерін жабдықтау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Реттік N | Бағдар. ламаның коды | Кіші бағдар. ламаның коды | Бағдарламаның (кіші бағдар. ламаның) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 603 | | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі органдарының ақпараттық жүйесін құру | Ақпараттық-телеком. муникациялық жүйені құру үшін жабдықтар. ды және аппараттық-бағдарламалық құрал. дарды сатып алу және монтаждау: - дербес компьютер. лер - 414; | наурыз - жел. тоқсан | Қазақстан Республи. касының Көлік және коммуни. кациялар министр. лігі |

- желілерді қорғауға арналған жабдық - 1;
- принтерлер - 162;
- үздіксіз қоректендіру көздері - 32;
- модемдер - 41;
- бағдарламалық қамтамасыз ету - 1 жиынтық;
- вирусқа қарсы бағдар. ламалық қамтамасыз ету - 1 жиынтық;
- көшірме аппараттары - 47;
- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің телефон желісін жаңғыртуға арналған жабдық.

---------------------------------------------------------------------------

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.10.14. N 122b қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: ақпараттық-телекоммуникациялық жүйені құру, көлік және коммуникациялар саласын басқарудың шапшаңдығын және сапасын арттыру мақсатында қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды өндіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 122 қаулысына 31-қосымша

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі**
**Бюджеттік бағдарламаның әкімгері**

**303 "Астана қаласында мемлекеттік органдар үшін серверлік орталық ғимаратын салу" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған ТӨЛҚҰЖАТЫ**

1. Құны: 150 000 мың теңге (жүз елу миллион теңге).
2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:

